

"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 маусымда № 22933 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553) болып тіркелген мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 5-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына (бұдан әрі - білім беру үйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствоның бағыныстылығына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" және "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібін айқындайды.";

6-тармақ алынып тасталсын;

9, 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары дайындық деңгейіне қарамастан, білім беру үйимы қызмет көрсететін

аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және қүнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымына қызмет ету аумағы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беруді басқару органдарының бұйрығымен бекітіледі.

10. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) портал арқылы жүзеге асырылады.";

10-2, 10-3, 10-4, 10-5 және 10-6 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10-2. Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" бір ұйымнан екінші білім беру ұйымына ауысуы туралы тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, сыныбы, тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс), мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту кезінде - бас тарту себептерін көрсете отырып, дәлелді бас тарту туралы көрсетілген қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦК) қол қойылған хабарлама келеді.

10-3. Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін ұйымға ұсыну үшін тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, сыныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс)) көрсетілген келу туралы есептен шығару талонын береді немесе дәлелді бас тартады.

10-4. Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру ұйымына келу туралы тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқу сыныбы, білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген есептен шығару талонын ұсынады.

10-5. Оқуға келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы кететін орта білім беру ұйымынан құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынылады.

Келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру ұйымына беріледі.

Білім беру ұйымдары білім алушыны орта білім беру ұйымына/ұйымынан қабылдау/ шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстыру жүргізеді.

10-6. Сынып жиынтығы шамадын тыс толуы және осы Қағидаларда белгіленген өтінім беру мерзімдері сақталмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінімді қабылдаудан бас тартады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштер күнтізбелік жылдың 15 тамызға дейін қабылданады.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Үміткерлердің резервтік тізімін конкурстық комиссия негізгі бос орындарға кірмеген конкурсқа үміткерлер қатарынан жиналған балдардың сомасы бойынша кему тәртібімен қалыптастырады және мамандандырылған білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

мынадай мазмұндағы 9-7-тармақпен толықтырылсын:

"9-7. Балаларды гимназиялар мен лицейлердің бір інші сыныбына қабылдау үшін білім беру ұйымдары мерзімдері, нысандары мен тапсырмалары күнтізбелік жылғы 15 маусымға дейін дербес белгілейтін емтихандар өткізеді.".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйректың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

A. Аймагамбетов

"КЕЛІСЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"___" 2021 жыл

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

2021 жылғы 3 маусымдағы

№ 275 бұйрығына

1-қосымша

Бастауыш, негізгі орта және
жалпы орта білімнің жалпы

білім беретін оку

бағдарламаларын іске асыратын

білім беру үйымдарына оқуга

қабылдаудың үлгілік

қағидаларына

1-қосымша

Бастауыш, негізгі орта және

жалпы орта білімнің жалпы

білім беретін оку

бағдарламаларын іске асыратын

білім беру үйымдарына оқуга

қабылдаудың үлгілік

қағидаларына

1-қосымша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары
бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстырылуына қарамастан білім беру үйымдарына
құжаттарды қабылдау және оқуга қабылдау" мемлекеттік қызметті қорсету стандарты**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атасы | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті үсіну тәсілдері | 1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы; 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі | Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыран сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде - бір жұмыс күні. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына окудың күндізгі және кешкі нысанына қабылдау үшін – құнтізбелік жылдың 20 тамыздан кешіктірмей. 1 сынып үшін құнтізбелік жылдың 1 тамызына дейін, 10 сынып үшін құнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін |
| 4 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері | Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беру үйимына қабылдау және оқуга қабылдау туралы хабарлама алады, құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде - бастарту себебін көрсете отырып, дәлелді бастарту туралы хабарлама келеді. - көрсетілетін қызметті берушіге: Көрсетілетін қызметті беруші қабылдау барысында ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап өз аумағына өтініш берген үш көрсетілетін қызметті алушыға, содан кейін - басқа аумақтан алдыңғы тіркелгендер қатарынан 1 (бір) үміткерге ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап қабылдағаны турауды хабарлама жолдайды. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде (қағаз жүзінде) - ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру үйимына қабылдағаны және оқуга қабылданғаны, құжаттардың толық емес пакетін тапсыру кезінде - бастартудың себебін көрсете отырып, дәлелді бастарту туралы хабарлама беріледі. |
| 6 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көзінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алушының тәсілдері | Тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке қүндерін коспағанда, дүйсенбіден бастап жұманның қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді коспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке қүндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті қорсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; 2) www.egov.kz порталында орналасқан. |

| | | |
|----|---|---|
| | | <p>- порталға:</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 1-қосымшасының нысана на сәйкес өтініш;</p> <p>2) "Денсаулық сақтау үйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № КР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 148139 болып тіркелген) бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдай турали анықтама және "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысаны, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бүйрығымен бекітілген № 026/у-3 нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген);</p> <p>3) баланың 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосуреті.</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 1-қосымшасының нысана на сәйкес өтініш;</p> <p>2) жеке басын раставайтын құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін қажет, ол көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);</p> <p>3) денсаулық жағдай турали анықтама ("Денсаулық сақтау үйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № КР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 148139 болып тіркелген) бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдай турали анықтама және "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген) бекітілген № 026/у-3 нысан;</p> <p>4) баланың 2 данада 3x4 см өлшеміндегі фотосуреті.</p> <p>Шетелдік және азamatтығы жоқ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің мәртебесін айқындағыны, тұрғылықты жері бойынша тіркелген турали белгісі бар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:</p> <p>1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;</p> <p>2) азamatтығы жоқ адам – азamatтығы жоқ адамның жеке күәлігі;</p> <p>3) босқын – босқын күәлігі;</p> <p>4) пана іздеуші – пана іздеуші адамның күәлігі;</p> <p>5) қандас – қандас күәлігі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын күәландыратын құжат, баланың туу турали күәлігі, мекенжай анықтамасы туралы мәліметтердің көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлозі арқылы алады</p> <p>Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырган, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттамалары төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда № 065/у и 026/у-3 нысандығы медициналық анықтамаларды көрсетілетін қызметті алушылар осы аумақта шектеу іс-шараларын алып тастауга, төтенше жағдайдың қолданысын тоқтатуға қарай тікелей білім беру үйымдарына ұсынады.</p> |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | <p>Шетелдік және азamatтығы жоқ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің мәртебесін айқындағыны, тұрғылықты жері бойынша тіркелген турали белгісі бар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:</p> <p>1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;</p> <p>2) азamatтығы жоқ адам – азamatтығы жоқ адамның жеке күәлігі;</p> <p>3) босқын – босқын күәлігі;</p> <p>4) пана іздеуші – пана іздеуші адамның күәлігі;</p> <p>5) қандас – қандас күәлігі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын күәландыратын құжат, баланың туу турали күәлігі, мекенжай анықтамасы туралы мәліметтердің көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлозі арқылы алады</p> <p>Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырган, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттамалары төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда № 065/у и 026/у-3 нысандығы медициналық анықтамаларды көрсетілетін қызметті алушылар осы аумақта шектеу іс-шараларын алып тастауга, төтенше жағдайдың қолданысын тоқтатуға қарай тікелей білім беру үйымдарына ұсынады.</p> |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңналасында белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсетуден бастартуы | <p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған құжаттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандығы № 546 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 тіркелген) Бастауыш, негізгі орта жалпы орта Білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) сыйып-жинақталымының шамадан тыс толуы;</p> <p>4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет ететін қолжетімділік шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық нысандар және Мемлекеттік корпорация арқылы үсыну ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптары | <p>Күжаттар топтамасын тапсыру үшін кутудің рұқсат етілген ен ұзақуақты 15 (жиырма) минут.</p> <p>Кызмет көрсетудің ен ұзақ мерзімі 15 минуттан аспайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ата-анасының (заның өкілдерінің) ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысандада алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы, және бірыңғай байланыс-орталығы (1414), 8-800-080-7777 арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Ушінші тұлғалардың қызмет алу шарттары:</p> <p>Порталдағы "жеке кабинеттен" ақпарат сұрапалатын тұлғаның келісімімен, ушінші тұлғалардың электрондық сұранысы.</p> |

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстырылғына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және окуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсете стандартына қосымша

Нысан

білім беру үйымының атауы

директордың ТАӘ(болған жағдайда)
Кімнен

ата-ананың (заңды өкілдің)
ТАӘ (болған жағдайда)

Телефоны: _____

Отініш

Менің балам _____
(Т.А.Ә. (болған жағдайда))

(елді мекениңің, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

(тіркелген мекенжайы бойынша)

(білім беру үйымының толық атауы)
қабылдауды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" ____ " 20 ____ жыл

(қолы)

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

министрлінің

2021 жылғы 3 маусымдағы

№ 275 бүйрүгінің

2-көсімшаша

Бастауыш, негізгі орта және
жалпы орта білімнің жалпы

білім беретін оку

бағдарламаларын іске асыратын

білім беру ұйымдарына окуга

қабылдаудың үлгілік

қағидаларына 2-көсімшаша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін
құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты**

| | | |
|---|---|--|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Қызмет көрсету мерзімі – 30 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (ішінде автоматтандырылған)/ қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | <p>Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін ұсынға ұсыну тегі, аты, экесінің аты (бар болса), туған күні, сыйныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген келу туралы есептен шығару талонын береді немесе дәлелді бас тартады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру ұйымына келу туралы тегі, аты, экесінің аты (бар болса), туған күні, оқу сыйныбы, білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген есептен шығару талонын ұсынады.</p> <p>Окуга келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасын ұсынғанин кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынады.</p> <p>Келу туралы сырттай қуәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келу туралы сырттай қуәліктің түпнұсқасын ұсынғанин кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру ұйымына беріледі.</p> <p>Білім беру ұйымдары білім алушыны орта білім беру ұйымына/ұйымынан қабылдау/ шығару туралы бүйректар шығарады және салыстыру жүргізеді.</p> |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Жұмыс уақыты | 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Енбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық |

| | | |
|----|--|--|
| | | узілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; 2) www.gov.kz порталында орналастырылған |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | - портал арқылы: 1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-косымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне); - көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде) 1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-косымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне); 2) құжаттарды қабылдау туралы есептен шығару талонында баланың толық аты-жөні, сыныбы, оқыту тілі, мектебі, білім беру ұйымының телефондары мен электронды мекен-жайы (реєсми интернет-ресурсы) (Қазақстан Республикасынан кетуін растиналы құжат ұсынатын, Қазақстан Республикасынан кетіп жатқан білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңналасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер | 1) сынып-жинақталымының шамадан тыс толуы 2) өтініш беру мерзімі осы қағидаларда белгіленген мерзімге сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет ететін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын озге деталаптар | 1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут. 2) қызмет көрсетудің ең ұзақ мерзімі 30 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңгай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйымына құжаттарды қабылдау"
мемлекеттік қызмет көрсете стандартына
2-қосымша
Нысан

білім беру үйымының атасы

директордың ТАӘ(болған жағдайда)
Кімнен _____
ата-ананың (заянды өкілдің)
ТАӘ (болған жағдайда)
Телефоны: _____

Өтініш

Менің _____
(білім беру үйымының толық атасы)

балам _____
(Т. А. Ә. (болған жағдайда))

(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атасы)
тіркелген мекенжайы бойынша

(білім беру үйымының толық атасы)
ауыстыруды сүраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"___" 20 ___ жыл

(қолы)